


«Бекітемін»
«Армантай» бақшасының
менгерушісі
Л.Р.Усебова

Ұзын-қысқа



Тәрбиеші: Халилова Г.

Шымкент 2022ж

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі: «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру»

Тақырыбы: «Ұзын–қысқа ұғымдары»

Мақсаты: «Ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру, беттестіру бетіне қою әдісі арқылы ұзындықты салыстыруды үйрету, сондай - ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімді қолдана білуге үйрету, қашықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Ұзын, қысқа.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілінде неше ай болады?

- Үш ай болады.

- Қане, қыс айларын атап айтайықшы?

- Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Іздену ұйымдастырушылық:

Тосын сәт: Есік қағылып, Дымбілмес қуыршақ кіреді. Қолында қорапшасы бар. Дымбілмес балалармен амандасады. Сәлеметсіздер ме, балалар!

Сәлеметсіз бе!

Дымбілмес: -Балалар менің атым - Дымбілмес. Мен сендерге құр қол келгенім жоқ. Мына қолымдағы қорапшаның ішінде, сендерге алып келген

тапсырмаларым бар, сол тапсырмаларымды дұрыс орындасаңдар, мен сендерге сыйлық беремін.

Тәрбиеші: -Қане, балалар Дымбілмес бізге қанша тапсырма алып келгенін білу үшін, оның қолындағы қорапшаны ашып қарайық.

-Ал, балалар Дымбілместің алып келген жолақшаларының түсін айтайықшы?

-Көк,қызыл.

Дымбілместің тапсырмаларын орындауға кіріседі.

I - тапсырма: Суреттер арқылы сұрақ - жауап .

Ендеше, барлығымыз мына суреттерге қарайықшы? Мынау кімдердің суреті?

- Балалардың суреті.

Мына баланың бойы ұзын ба, қысқа ма?

Қане, кім айтады?

-Ұзын бала.

Ал мына баланың бойы ше?

- Қысқа.

Ал балалар білейік,кімнің бойы ұзын екен, Ерсұлтандікі ме, Мұхаммедтікі ме?

Балалардың жауаптары.

Мынау нелер?

- Жолдар.

Мынау қандай жол?

- Ұзын жол. Ия, ұзын жол.

Ал, мына жол қандай?

- Қысқа жол.

Дұрыс айтасындар, балалар!

Ал, келесі тапсырманы орындайық.

II - тапсырма: Көк жолақшаның үстіне қызыл жолақшаны қойғанда қай жолақша ұзын?

-Көк жолақша ұзын.

-Ал, көк жолақшаның қасына қызыл жолақшаны қойсақ, қай жолақша ұзын болады?

-Көк жолақша.

-Дұрыс айтасындар балалар!

III - тапсырма: Ұзын - қысқа заттарды салыстыра білесіндер ме?

-Жылан және жұлдызкүрт

-Қане қарайықшы қайсысы ұзын?

-Жылан ұзын.

-Ал мына суретке қарайықшы. Мынау нелер?

-Қарындаштар

-Қай қарындаш қысқа?

-Жай қарындаш, қызыл қарындаштан қысқа.

-Балалар мына суретке назар аударайықшы, мынау нелер?

-Қоян мен аю

-Қоянның неше құлағы бар?

-Қоянның екі құлағы бар.

-Ал аюданеше құлақ бар?

-Аюда екі құлақ бар.

-Аюдың құлағы ұзын ба, әлде қоянның құлағы ұзын ба?

- қоянның құлағы ұзын.

-Дұрыс айтасындар, қоянның құлағы ұзын екен.

-Жарайсындар, балалар. Енді барлығымыз орнымыздан тұрып, Дымбілмеспен бірге бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы- қырлы жерлермен,

Ытқып- ытқып жүгірді.

Дидактикалық ойын: Құрастыру

Келесі тапсырма, құрғақ бассейн ішінде суреттен бар,соны тауып алайықшы.
Қандай ойыншықтар тауып алдындар? (Балалардың жауаптары)

Ойыншықтарды салыстырайық. (керік ұзын, ал аю қысқа)

Рефлексиялық -түзетушілік:

-Балалар сендерге бүгінгі оқу іс-әрекет ұнады ма?

-Бүгін қандай тақырыппен таныстық?

-қандай тапсырмалар ұнады?

Дымбілмес өз сыйлықтарын балаларға таратып, қоштасады.

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу: ұзын-қысқа ұғымын, заттарды салыстыра білу.

Меңгеру: саусақтың ұсак бұлшық еттерінің қозғалысымен жұмыс жасауды меңгеру.







